

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жөніндегі зоологиялық комиссияның ережесі мен құрамын және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының 3-ші басылымын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 ақпандағы N 177. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.15. N 1330 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 қыркүйектегі N 1258 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 30, 376-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жөніндегі ұсынылып отырған зоологиялық комиссияның Ережесі мен құрамы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті әзірлеген Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының 3-ші басылымы (1 том. Жануарлар, 1 бөлім. Омыртқалылар) бекітілсін.

3. "Шеврон Оверсиз Компани" фирмасының демеу қаржысына Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының 3-ші басылымының дубликаттарын шығару туралы Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің, Ұлттық ғылым академиясының ұсынысы мақұлдансын.

4. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу үшін Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы Өсімдіктер мен омыртқасыз жануарлар түрлерінің тізбесін әзірлеуді тездетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
8 ақпандағы
N 177 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы
жөніндегі зоологиялық комиссия туралы

Ереже

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жөніндегі зоологиялық комиссия (бұдан әрі - комиссия) "Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 қыркүйектегі N 1258 қаулысына сәйкес құрылады.

Комиссия Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Зоология және жануарлар генқоры институтының негізінде жұмыс істейді.

Комиссия құрамына зоология ғылымдарының негізгі бөлімдері (тернология, орнитология, герпетология, ихтиология, энтомология, арахнология тағы басқа) бойынша, олардың жұмыс орындарына қарамастан, жетекші мамандар кіреді.

Комиссия құрамын Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Ұлттық ғылым академиясының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Комиссия Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына түрлерді (тұқымдастықтарды, өсіп-өнуін) енгізу, одан шығару туралы, сондай-ақ олардың әрқайсысын әр санатқа жатқызу туралы ғылыми-зерттеу мекемелерінің, жоғары оқу орындарының, қоғамдық бірлестіктер мен жекелеген мамандардың ұсыныстарын қарайды. Комиссия жекелеген мәселелерді қараған кезде жазбаша сараптамалық қорытынды әзірлеу үшін де, комиссия жиналысына қатынасу үшін де зоологияның әртүрлі бөлімдері бойынша мамандарды (шетелдіктерді қоса) т а р т а а л а д ы .

Комиссия Қазақстан Республикасының қызыл кітабының зоологиялық бөлімдерінің құрылымы, ондағы ақпарат ауқымы және осы бөлімдердің дубликаттарының қайта басылымының қажеттілігі туралы мәселелерді қарайды. Комиссия осы мәселелер жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Ұлттық ғылым академиясына ж о л д а й д ы .

Комиссия шешімі Қазақстан Республикасының қызыл кітабына енгізілетін немесе санаты көрсетіліп одан шығарылатын жануарлардың тізімі түрінде (немесе жекелеген түрлер) Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұ с ы н ы л а д ы .

Комиссия жиналысы қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 6 ж ы л ғ ы
8 а қ п а н д а ғ ы
N 1 7 7 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

**Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы
жөніндегі зоологиялық комиссияның**

Құрамы

- Бекенов А.Б. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Зоология және жануарлардың генқоры институтының директоры, төраға
- Ковшарь А.Ф. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Зоология және жануарлардың генқоры институтының зертхана меңгерушісі, төрағаның орынбасары
- Рымжанов Т.С. - Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің бөлім бастығы, төрағаның орынбасары
- Тарабаев Ш.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Зоология және жануарлардың генқоры институтының аға ғылыми қызметкері, хатшы

Комиссия мүшелері:

- Брушко З.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Зоология және жануарлардың генқоры институтының жетекші ғылыми қызметкері
- Есмұқанов Х.К. - Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры
- Митрофанов В.П. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі
- Митяев И.Д. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Зоология және жануарлар генқоры институтының жетекші ғылыми қызметкері
- Нұрғалиев Ш.З. - Қазақстан Республикасы Аңшылар мен балықшылар қоғамы одағының президенті
- Степанов Ю.В. - Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің бас маманы

